

Кәсіби оқуға жіберілген аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жұмыспен қамтылған және жеті жасқа дейінгі бала тәрбиесімен шұғылданатын, сондай-ақ жұмыссыз азаматтардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 4 наурыздағы N 184 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 7 сәуірде N 5-5-106 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 06 наурыздағы № 368 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013.03.06 № 368 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13), 14)-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 19-бабының 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 ««Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, кәсіби оқуға жіберілген аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жұмыспен қамтылған және жеті жасқа дейінгі бала тәрбиесімен шұғылданатын, сондай-ақ жұмыссыз азаматтардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. Жүнісжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі: *Е. СҮЛЕЙМЕН*
А б а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
0 4 н а у р ы з 2 0 1 0 ж ы л ғ ы
№ 1 8 4 қ а у л ы с ы н ы ң
қосымшасы бекітілген

Кәсіби оқуға жіберілген аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жұмыспен қамтылған және жеті жасқа дейінгі бала тәрбиесімен шұғылданатын, сондай-ақ жұмыссыз азаматтардың жол жүру, тамақтану, тұру және медициналық куәландыру шығындарын өтеу жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13), 14)-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 19-бабының, 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 ««Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы нұсқаулықтар

1. Осы нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) өтініш беруші – кәсіптік оқуға жіберілген және шығындарын өтеуге өтініш білдірген аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жұмыспен қамтылған және жеті жасқа дейінгі бала тәрбиесімен шұғылданатын, сондай-ақ жұмыссыз а з а м а т т а р ;

2) шығындарды өтеу - өтініш берушінің жол жүруіне, тамақтануына, тұруына және медициналық куәландыруына шыққан шығынды ішінара немесе толық өтеу .

2. Өтініш беруші медициналық куәландыруды «Абай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жіберуі б о й ы н ш а ө т е д і .

3. Тұрғылықты жерінен басқа жерде оқитын, өтініш берушінің жол жүру, тұру, медициналық куәландыру шығындарының өтеуін, құжаттар тапсырылған сәттен бастап оқу біткеннен кейін бір айдан кешіктірмей «Абай аудандық

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі ж ү р г і з е д і .

4. Аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жұмыспен қамтылған және жеті жасқа дейінгі бала тәрбиесімен шұғылданатын, сондай-ақ «Абай аудандық жұмыспен және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде ресми тіркелген жұмыссыз азаматтар және кәсіби даярлауға, біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға жіберілгендер шығындарды өтеу құқығына ие.

2. Шығындардың өтеуін алуға жүгіну

5. Өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша банктегі жеке шотының нөмірін, СТН, жеке куәлік нөмірін, тұрғылықты мекенжайын көрсете отырып, «Абай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жазбаша өтініш беріп және қажетті құжаттарды тапсырады:

1) темір жол көлігімен, жолаушылар автокөлігімен (таксиден басқа) жол жүру құжаттары немесе аталған тасымал түрлерімен айналысатын мекеменің жол жүрудің құны туралы анықтамасы.

2) медициналық куәландырудан өту, жатақханада тұру туралы төлем құжаттары.

3. Шығындарды өтеудің мөлшері

6. Шығындардың толық өтелуі:

1) медициналық куәландыру – құжаттармен расталған зерттеудің құны үшін;
2) өңір (облыс, аудан) шегінде оқу орнына барып, қайта қайту жолына - құжаттармен расталған жол жүру құны үшін жүргізіледі;

7. Тұру шығындарының ішінара өтелуі келесі мөлшерде жүргізіледі:

1) өзге жерден келген өтініш берушілер Семей қалаларындағы жатақханаларда тұрған уақытта – ұсынылған төлем құжаттары бойынша, бірақ айына үш айлық есептік көрсеткіштен аспағанда. Жалданған тұрғын үйлерде тұрғанда - айына үш айлық есептік көрсеткіште.

2) өзге жерден келген өтініш берушілер басқа елді мекендердегі жатақханаларда тұрған уақытта – ұсынылған төлем құжаттары бойынша, бірақ айына үш айлық есептік көрсеткіштен аспағанда. Жалданған тұрғын үйлерде тұрғанда – үш айлық есептік көрсеткіште.

8. Семей қалаларында оқитындар үшін тамақтану шығындарының ішінара өтелуі айына үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, облыстың басқа елді мекендерде тұратындарға айына үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

4. Шығындарды өтеу төлемдері

9. Шығындарды өтеу төлемдері халықты жұмыспен қамту бағдарламасын орындауға қарастырылған аудандық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10. Кәсіптік оқуға жіберілген адамдардың тамақтану мен тұру шығындарын өтеу төлемдері тапсырылған құжаттар негізінде өткен айға жүргізіледі. Шығындарды өтеуді жедел төлеуге рұқсат етіледі.

11. Шығындарды толық немесе ішінара өтеу, қаражаттың түсуіне байланысты ақшалай нысанды өтініш берушінің жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.